

# СҰЛЫ ТАЛҚАН ИММУНДЫҚ ЖҮЙЕНІ КУШЕЙТЕДІ

Біз қазіргі дамыған технологияларды пайдалана отырып өзіміздің өндірісімізді дамытуымыз керек. Фылымның алдында тұрған басты мақсат өндірістің техникалық-экономикалық көрсеткіштерін, сапасын және шығарылатын өнімдердің бәсекелестігін жоғарылату. Ол максатты мына бағытта іске асыруымыз керек: жұмыс істеп жатқан технологиялар мен жабдықтарды дамыту, жаңа өндіру әдістерін және кешенді автоматтандырылған процестерді енгізу. Жаңа техника мен технологияны енгізуін өңірдегіңіз сапасы мен басты теттігі – шығарылатын өнімнің сапасы мен одан түсестін пайдасы.

Елімізде жоғары сапалы ұлттық жарма өнімдерін жаппай өндіру мәселесі үлкен қызығушылық тұдышады. Өйткені бұл жарма өндірісі кәсіпорын өнімдерінің түрлерін кеңейтуге, шикізаттық-техникалық базаны пайдаланып, нарықта жаңа тамақ өнімдерін таңдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Қазақстан, Ресей, Беларусь Республикаларының Кеден одағы шенберінде біртұтас экономикалық кеңістік құруды ескере отырып, тұтынушылардың тамақтану мінез -құлқының стереотиптеріне сәйкес кеletін жарма өнімдерін тарату перспективаларын ескеру қажет. Кедендейк аумақта айналымға жіберілген өнімдердің қауіпсіздігі мен тағамдық құндылығы санитарлық - эпидемиологиялық қадағалауға (бакылауға) жататын тауарларға койылатын бірыңғай санитарлық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптарға сәйкес келуі керек. Жоғарыда айтылғандардан шынтық жарма өнімі талқаның технологиясын зерттеу және дамыту, технологиялық жабдықтар мен өңдеудің бірыңғай технологиялық желісін құру өзекті болып табылады.

Талқанды тарыдан бас-

қа III типті проса және тары-дранеңден алуға болады. Алтын сарыдан күңгірт және сүрғылт сарыға дейін түстің езгеруі III типті тары дәніне сипаттама береді. Тарының бұл түрі көбіне уыт алуша қолданылады.

Тары-дранең – бұл түстік қабаттардан босатылған бүтін тары дәндері сары түсті, өзіне тән жылтырылғы мен аңы дәмі бар. Аңы дәмі жоғалып кетуі үшін, дәнді пісіреп алдында бірнеше рет жақсылап жуу керек. Қазіргі үақытта тары-дранең қабықтандырылған тарыға қарағанда әлдеқайда пайдалы болғанына қарамастан аз таралған: ол В6 витаминін (ағзага акуыздарды шығаруға көмектеседі), простагландиндерді (олар қан қысымын реттейді), «қуаныш гормоны» серотонинді және басқа да пайдалы заттар, мысалы темір, магний, мырыш сақталынады.

Талқан – аспаздық өңдеудің қажет етпейтін өнім. Бұл тәтті дәмі. өзіндік иісі бар сары сұрттусті читак Сұлыдан талқан алудың тағы бір дайындау жолы: жоғары сапалы сұлыны суға салып қояды, қысым астында булады, кептіреді, қауызынан ажыратады, үн мен қабықшадан ажыра-

тады, үнтақтайды да жібек електен өткізеді. Талқанды тауарлық сұрыпқа бөлмейді. Сұлы талқанының құрамында ылғал, акуыз, май, моно және дисахаридтер, крахмал және тағамдық талышқтар, май көп.

Сұлы талқанында суда едәүір мөлшерде еритін дәрумендер бар екендігі айдан анық: аскорбин қышқылы (С дәрумені), никотин қышқылы (В3), никотинамид (РР), тиамин гидрохlorиді (В1), сондай-ақ майда еритін дәрумендер: ретинол (А), эргокальциферол (D2), холекальциферол (D3), токоферол (Е). Сондай-ақ сұлы талқаны құрамында минералдар да бар, олар - Fe, Zn және Cu.

Сұлы талқанының осындағы қоректік қасиетіне қарай, құнделікті таңғы ас мәзіріне сұлы сусынын дайындаш ішуді әдетке айналдырған дұрыс. Дайындау жолы: стақанға 1 шәй қасық сұлы талқанын салып, үстіне ыстық қайнатан суды қуып 20-30 минутқа демдел қойып, ара-ластирып ішеді.

Сұлы сусыны холестеринді төмендетеді, метаболизм процестерін жеделдетуге көмектеседі, токсиндер мен токсиндердің жұмсақ шығарылуын қамтамасыз етеді, ішектің толық жұмысын белсендендіреді. Көбінесе бұл өнім бүйрек проблемалары үшін ұсынылады. Сонымен қатар, сұлының бай құрамы қартаю процестерін тежейді, иммундық жүйені арттырады, денені ұзақ және өнімді жұмыс істеуге мүмкіндік беретін энергиямен толтырады.

**М.КАСЫМОВА,  
М.Әуезов атындағы  
ОҚУ-дың профессоры,  
С.МУСАЕВА,  
доцент**